

		animal anatomy, or sometimes looked at the audience. 10 points	looked at the audience, and shared equal parts. 15 points	equal parts, looked at the audience, and project their voice. 20 points	
<b>Total points</b>					

Осындай жобаны жасау барысында студенттер өздері жеке жұмыс істеуді үйреніп, кәсіби білімдерін жетілдіреді. Сонымен қатар, олар өздерінің шығармашылық қабілеттерін дамытып, ролдік ойын ретінде өздерін гид, шетелдік студенттерінің ролдерін ойнау барысында көпшілік алдында ұялмай, өздерін сенімді ұстауға үйренеді. Мұндай жобаларды жасау барысында мұғалім тек көмескі ролді атқарады да, тек шарттар мен тапсырмаларды айту үшін, брошюларды тарату деген секілді жұмыстарды орындайды. Студенттер барынша басты орында болады.

Қорыта айтқанда, біздің келтірген мысалымыз аралас жоба түрі. Жобада жасалатын әрекеттер сипаттамасы бойынша шығармашылық, ролдік, ізденімпаздық, зерттеушілік болып табылады. Жұмыс жасау барысында студенттердің жеке жұмысына басым көңіл бөлініп, практикалық бағыттағы нәтижелі жұмыс түрі деуге болады. Студенттердің танымдық іс-әрекетке ұмтылуы, игерілген білімдерін практикада қолдануы, коммуникативті іскерліктері, топта ортақ нәтижеге бағытталып жұмыс жасауы сияқты қабілеттері ашылып, кейбір психологиялық барьерінен арылады, мәселен, өз біліміне деген сенімсіздігі мен шет тілін оқуға деген қабілетінің төмен деп ойлауы. Кәсіби - бағытталған шетел тілін оқыту барысында жоба әдісі арқылы тек қана кәсіби білімдері ғана шындалып қоймай, өзін-өзі дамытып, тұлғалық қасиеттерін де жетілдіреді. Сонымен қатар, кәсіби-бағытталған шет тілін оқыту барысында жоба әдісі болашақ мамандардың кәсіби-коммуникативті құзыреттілігін арттырудың бірден-бір нәтижелі жолы болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1 Федорова О.Н. Обучение английскому языку студентов неязыкового вуза на основе компетентного подхода [Электронный ресурс]: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02 / О.Н. Федорова. - СПб., 2007. - 278 с. - РГБ ОД, 61:07-13/1014. - Режим доступа: <http://nauka-pedagogika.com/viewer/18545/d#?page=6>, свободный (дата обращения: 19.06.2015).

2 Кочетурова Н.А. Метод проектов в обучении языку - теория и практика (2003) [Электронный ресурс] / Н.А. Кочетурова // Информационные технологии в обучении языку. - Новосибирск: НГТУ, сор. 2003-2009. - Режим доступа: <http://www.itl.edu.nstu.ru/article4.php>, свободный (дата обращения: 12.01.2012).

3 Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учеб. пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров / Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, А.Е. Петров; под. ред. Е.С. Полат. - М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 272 с.

4 Тарнопольский О.Б., Кожушко С.П. Ділові Проекти (Business Projects) / О.Б.Тарнопольский, С.П. Кожушко // Coursebook. Student's Book and Workbook. - Second edition. - Пидручник для студентів вищих навчальних закладів економічного профілю. - Вінниця: Нова Книга, 2007. - 328 с.

5 Тарнопольский О.Б., Кожушко С.П. Ділові Проекти (Business Projects) / О.Б. Тарнопольский, С.П. Кожушко // Teacher's Book. - Second edition. - Вінниця: Нова Книга, 2007. - 88 с.

**Саликов Н.К.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, дене мәдениеті және спорт факультеті, ДМЖС -11 тобының магистранты

(Ғылыми жетекші — к.п.н., профессор **Бәжиг Ж.**)

## САМБО КҮРЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Алғаш адамдар жыртқыш жан-жануарлармен жалаң қолмен шабуылдар жасап көп шығындарға ұшырап отырды, уақыт өте келе оның амалдарын ойлап тапты сонымен қатар жаңа қару-жарақтарды жасады, соның арқасында олар мол табыстарға жетті. Бұл туралы архелогиялық көне жәдігерлерге, тастарға салынған сурет таңбалар куә.

Жұдырықтасу тарихы біздерді алыс замандардың түпкіріне жетелейді. Ежелгі Мысыр, Крит–Микен, Вавилион дәуірінің тасқа қашалған мұраларында жұдырықтасып жатқан адамдар бейнесі бейнеленген.

Алғашқы қауымда өмір сүрген арғы тегіміз екі аяғының қуатына, жұдырығының мықтылығына сүйеніп күнеліткен. Олар өзара күш сынасып есеп айырысуды дәстүрлі әдетке айналдырған. Осындай бәсекеден барып, түрлі спорттық ойындар дүниеге келген. Ең алғашқы шыққан спорт түрлері қайсыдер болсақ әрине жұдырықтасу мен жүгіруді атаған болар едік.

Артына өшпес «Илиада» жырын қалдырған грек философы Гомер өз заманындағы жұдырықтасу туралы анықта дәл мәліметтер қалдырған. Бастапқы кезде жұдырықтасушылар қолдарына өгіздің мойын терісінен жасалған май сіңірілген қайыспен, білектерін орап байлайтын болған екен[1].

Жекпе–жек екі жұдырықтасушылардың біреуі құлап түскенше өте беретін болған. Шегінген жалтарған жұдырықтасушыларды арнайы істік темірмен қаруланған төреші – эфефтер ортаға айлап отыратын болған. Бұл жұдырықтасу өнерін ертедегі гректер- панкратион атаған.

Панкратион Бұндай кейбір суреттерде жекпе–жек тәсілдерінің кешенді жаттығуларын бейнелеген. Бізге ең жақсы белгілісі ежелгі Гректердің жұдырықтасу және панкратион сайысы (б.з.д.ІІІ) ғасырлардан өткізілетін болғандығы тарихи деректерден белгілі.

Қол сайысында (жұдырықтасу) жауынгерлер қолдарына бұқа терісінен жасалған таспамен қолдарын орап сонымен жұдырықтасатын. Мұнда ереже бойынша олар басқа және бетке соққылар жасауды рұқсаттайтын жеңімпазды анықтау үшін есінен тандыру немесе қарсыласы жұдырықтасудан бас тартқанда және де қарсыласын тізерлетіп мойындатқан жағыдай да ғана жеңімпазды анықтаған. Мұндай жеңімпаздарға өлең, ән, жыр, мадақтар арналып ол ауыздан–ауызға, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып әлемге атақ даңқы шыққан[2].

Мұндай жағыдайлар орталық және шығыс азияда қалыптасты біздің жыл санауымыздан бұрынғы 740 – жылдары жапонияда жекпе – жектің көне түрі суммо пайда болды бұл жеке сайыс түрі әскери бағытта ірі тұлғалы адамдарды таңдап алып арнайы дайындады, қол сайысының бұл түрінде еш қандай киім, ереже жоқ[3].

Сум-мо күресі жеке сайыстың барлық жапондық түрлерінің түп төркіні болып табылады. Орта ғасырдағы жеке сайыстың самурайлық мектептері де осыдан басталған.

Жеке сайыстың самурайлық мектебінің дамуына Окинава аралының орыны ерекше. XIV ғасырда жапон императоры арал тұрғындарының көтерілісін басып, еркіндікті көксеген армандарын ауыздықтау үшін, арал тұрғындарының суық қару ұстауына тыйым салады.

Императордың пәрменін бұзғандар өлім жазасына кесіледі. Бірақ халық қарап жатпайды, жаумен қарусыз соғысудың әдістерін үйренеді.

Суммо мектептеріне қытай діндарларының (будда манахтары) келуіне байланысты қол сайысының жаңа түрі өмірге келді, бұл қол сайысын жиу–житсу деп атады.

Жиу-житсу сөзінің мағанасы ептілік тәсілі немесе (жұмсақтық техникасы)

Қол сайыстың бұл түрі аяқ және қол соққыларынан, күрес тәсілінен, суық қарулармен шабуылдау және одан қорғану тәсілдерінің жиынтығы.

Сөйтіп, 1532 жылдары Хисамори есімді адам Суммо күресінен нағыз әскери «жиу – житсу» деген – атпен күрес түрін ойлап табады.

Жиу–житсу жапон тілінде «Білдірмей жеңу өнері», - деген ұғым білдіреді.

Жиу-житсудың мектебін 1532 жылы Такэноути Хисамори деген шебер Сакусикаяма Кюсю аралында алғаш орынатып, машықтану және жаттығу бағдарламасын бір жүйеге келтіріп оқу жүйесін қалыптастырды, бұл шебердің баласы және немересі Такэноути Хисакацу, Хисаесилар жаңа тәсілдермен толықтырып қазіргі жиу-житсудың негізін қалады[4].

Жиу-житсуда қолданылған кез келген әдіс жылдам және еппен жасалуы керек. Бұл сөздің мағанасын қалай түсінуге болады, қарсыласты өз тұзағыңызға түсіріп өз күшін өзіне пайдалану керек. Бұл сайыс тәсілдері бойынша самурайлардың дайындайды.

Атап айтсақ қол, аяқ буындарын ауырту, қылқындыру немесе тұншықтыру, лақтыру әдістері, қанжармен шабуыл және қорғану, жанды нүктелерге дәл соққы жасау, өз буындарын шығарып қарсыластың зәресін ұшыру сияқты тәсілдерді кең қолданады.

Бұл жекпе-жек мектептерінің шәкірттері әр жақтан жиналған қас шеберлер болды, олардың ішінде қытай діндарлары т.б. өз қалауы бойынша шәкірттер дайындалды

Кенес Одағының алғашқы жылдары құқық қорғау органдарының қызметкерлері қылмыскерлермен күресу үшін қарусыз өзін-өзі қорғау тәсілдерін қажет етті. Осы тәсілдерді құрастырған В. А. Спридонов болды.

Ол, 1919 жылы Қызыл Армияның Бас басқармасында жұмыс істеп, одан Москвадағы әскери дайындық курсына ауысып нұсқаушы ретінде бокс және семсерлесу пәндері бойынша сабақ береді. Кешікпей В.А.Спирidonовтың ат салысуымен жаңа пән ретінде «Қорғану мен қарусыз шабуыл» курс енгізілді, өзі осы пәннің бас жетекшісі атанды. Аталған пәннің негізі жиу – житсу күресін алған болатын.

В.А.Спирidonов 1927 жылы көптеген әдіснамалық нұсқауларды жинастырып өзінің ең алғашқы еңбегі «Руководство самозащиты без оружия по системе джиу-джитсу» жарық көрді.

1928 жылы «Самозащита без оружия» атты екінші кітабі баспадан шықты. Осылай В.А.Спирidonов өзін-өзі қорғаудың тиімді жүйесін жасауға алдына мақсат қойды. Қауіпті тәсілдерді және соққыларды қолданбай жасаған ережесі бойынша, палуандар бастапқыда жегі, кейін сегіз салмақ дәрежелері бойынша күресі. Мұнда қолды, аяқты ауырту тәсілдері жүдеде күрескенде ғана емес бастапқы қалыпта да, әрі қылқындыру тәсіліде қолданылды.

1933 жылы В.А. Спирidonов өзінің жинақтаған тәжірибесін арқасында Самозащита без оружия. Тренировка. Методика изучения» атты жаңа кітабін жазды. Осы жаңа кітаптың мұқабасында «Сам», «Самоз» «Самозащита» деген болашақ кеңестер күресінің басқы сөздері жазылды, кейін оған «бо», «без оружия» сөзі («қарусыз» деген мағананы береді) жалғанып жаңа атау Самбо сөзі дүниеге келді.

Самбо күресі жекпе-жек түрлерінің бірі. Самбо күресінің негізін қалаушылардың бірі В.С.Ощепков (1892–1937 жж). Ол 1911-1914 жылдар аралығында Кодақан мектебінде жу –до күресінің негізін қалаушы Жигаро Каноның өзінен дәріс алып, оның қолынан 2-даң алған адам. 1927–1937 жылдар аралығында В.С.Ощепков Москва қаласында тұрады, бірақ Ленинградқа (қазіргі Санкт –Петербург) жиі барып, осы қаладарда жу-до күресін әскери командалардың құрамында, және студенттермен спорт мамандарының арасында насихаттаумен айналысады. В.А. Спирidonовқа қарағанда көп адамдарды жу–до мен айналысуға тартады[5].

Классикалық жу–до күресіне қарағанда В.С. Ощепков палуандардың киетін киімдерін өзгертіп, жапон дәстүрін алып тастап, қатты татамиды жұмсақ күрес кілеміне ауыстырып, техникасын еуропалық және қытайлық тәсілдермен толықтырады.

В.А. Спирidonов пен В.С. Ощепковтың системаларын салыстырғанда, екінші яғни Ощепковтың негізін қалаған күресі адамдарды көбірек тартуға ыңғайлы болады.

Бұл екі зерттеуші де бірін-бірінің жұмыстарын өте жақсы толықтыра білді. Киіммен күресетін Спирidonов мектебі мен Ощепков мектебі сол кездегі еркін күрес немесе еркін стильдегі күрес түрімен қатар бір бағытта қатарласа дамып отырды. Кешікпей В.А.Спирidonовтың ат салысуымен жаңа пән ретінде «Қорғану мен қарусыз шабуыл» курсы енгізілді, өзі осы пәннің бас жетекшісі атанды. Аталған пәннің негізі жиу – житсу күресін алған болатын.

Бұл жердегі басты назар аударарлық жағдай В.А. Спирidonов негізін қалаған самбо ол жауынгерлік (қол сайыс) бағытта болса, ал В.С. Ощепковтың құрастырған самбо күресі спорттық күрес түріне сай келетіндігінде болып отыр. 1930 жылдардың екінші жартысында Спирidonов пен Ощепковтан тәлім алған В. П. Волков екі системаның элементтерін алғаш рет бір оқу курсына біріктіреді. Ол ҰҚК мектебіне арналған оқу құралын даярлайды (1940 ж) [6].

Осы жұмыстың негізіне қарап А.А. Харлампиев (1906–1979 жж ) осы бағытта жұмысты жалғастырады. «Үлкен Самбо» деген кітапта жинастырып жариялады. Бірақ бұл жұмыста соққылар, қылқындыру, қауіпті лақтыру әдістері, қару–жарақтан қорғану тәсілдері көрсетілмеген.

А. Харлампиев самбо күресін екі түрге бөліп қарастырған: біріншісі – спорттық «кілемде күресу» (халықаралық спорт түріне айналды).

Екіншісі - жауынгерлік самбо (оны А.А. Харлампиев «Борьба Самбо специальные приемы» кітабында атап көрсетеді). Бұл кітап жұмыс бабында ғана пайдалану үшін Кеңестер Одағының Қорғаныс Министрлігінде – 1952 жылы басылып шықты[7].

Қазіргі кезде спорттық самбо күресі көптеген елдерге тараған. Қол сайысынан жарыс ережеге сай екі кезеңнен өтеді. Біріншісінде қарсыластар самбо күресінің әскери қолданбалы әдістері техникасы бойынша сайысады. Ал, екіншісінде қол сайысы ережесі бойынша жекпе-жекке түседі.

Самбо, СМЕРШ Орыс империясының әскерилері шығыс жекпе – жек өнерлерімен, қалыптасқан дәстүрлі әскери жекпе-жек өнерлерінің таңдаулы тәсілдерін пайдалана отырып бір неше бағдарламалар дайындады.

Самбо бағдарламасы (Қарусыз өзін-өзі қорғау), «СМЕРШ» бағдарламасы бойынша 1943 жылдан бастап кеңестер одағының әскери бас басқармасының контрразветтарын дайындады (Смерт шпионам) деген мағана береді[8].

Бірақ бұл бағдарламалар бойынша еш қашан оқулықтар ашық түрде қолданыста болмады. Тәуелсіздік таңымен бірге бұндай құпиялармен танысуға және қолдануға оқып үйренуге мүмкіндік туды.

Самбо күресінің жауынгерлік түрі өз атауын тез өзгертіп, «қол сайысы» болып, көптеген спорт түрлерін бойына жинақтады.

1950 жылдардың басында жауынгерлік самбоның негізінде: полициялық және әскери болып екі түрге бөлінді. Алғашқысы ҰҚК қызметкерлеріне және ішкі істер қызметкерлеріне арналды. Оның басты мақсатты: қылмыскерлерді қарусыздандыру және ұстау кезінде көбінесе, жығу, қол – аяғын ауырту, қайыру, қылқындыру әдістері қолданылды.

Ал, екінші түрі әскери қызметкерлерге арналды, оның басты мақсаты – қарсыласты жою. Сондықтан оның негізгі әдістері болып пышақпен, найза (сүңгі), және басқа да қарулармен, мысалы: әскери қысқа күрек және аяқпен жасалатын ауыр соққылар.

Самбоуд (Самооборона без оружия ударами)-бұл қол сайыстық стилі 1970 жылдардың басында пайда болды, оны Рязан әскери училищесінің әуе–десанттары сарбаздары құрастырған. өзінің аты атап тұрғандай қоян қолтық ұрыс кезінде ауыр соққылар қолданылады. Самбоуд - қол сайысы жүйесі: жеті – сегіз аяқпен жасалатын соққылар, он бес қолмен жасалатын соққылар және бірнеше қосқауылдан тұрады.

Самбоудтың техникасы өте қолайлы. Оны бокс, самбо, каратэмен айналыспаған адамның өзі, дене дайындығы мықты болса, бірнеше айдың ішінде аталған әдістері толық меңгеріп кете алады.

Самбоуд – бұл әскери қол сайыстың түрі болғандықтан, әскерге шақырылған жас сарбаздарды қысқа мерзім ішінде дала ұрысына машықтанып, мергендікке және жақсы жүгірудің өзі маңызды, ол әуелі қол сайыстың техникасын жақсы меңгергеннен тиімді [7,92-102].

Самбо спортына қатысты зерттеліп, зерделенген еңбектердің ішінде тек самбо күресінің техникасы ғана емес, сонымен қатар әдістер, қолданылатын айла - тәсілдері туралы да атап көрсетілген. Осы самбо күресінде қолданылатын әдістер мен айла – тәсілдерге де тоқтала кеткенді жөн деп санаймыз.

Самбо күресінің әдіс - айласы жекпе - жекте қарапайым қозғалыстан (ол қозғалыс кеңістік және уақыт арқылы бірімен-бірі байланысты) тұратын тұтас әрекет болып табылады. Яғни әр бір әдіс қол, аяқ, дене арқылы жасалатын қарапайым қозғалыстан тұрады, ол қарапайым қозғалыс деп аталады. Күресте қозғалыстар шартты түрде былайша бөлінеді:

Қолдардың қозғалысы - ұстау, орап ұстау, қысу, итеру, жұлқу, тұю, тарту, тіреу, басу, т.б.

Аяқтардың қозғалысы- қою, аттау, кейін қою, аттап кету, бұғу, жазу, ілу, шалу, қағу, үстіне салу, итеру т.б

Дененің қозғалысы- еңкею, тік көтеру, иілу, бұрылу, қысу, итеру, құлату. т.б.

Палуанның қимылдарының біразы бір мезгілде, біразы бірінен соң бірі орындалады. Барлық әдістерді шартты түрде қарапайым қозғалыс және қозғалу фазасы деп бөлуге болады [9].

Күрес әдіс-айласын анықтау үшін палуандардың барлық негізгі қимылдарын талдаудан өткізу қажет. Мұндай талдауды ең алдымен ол қимылдарды орындауға жұмсалатын механикалық күш тұрғысынан қарау керек. Ең қарапайым қимылды орындағанның өзінде де адам денесінің бір қатар ағзалары өзара қимылға келіп, оны орталық нерв жүйесі реттеп тұратындығы белгілі. Сондықтан күрес әдіс-айласын талдап анықтағанда жеке бұлшық ет қызметі қарастырылмайды. Күресте оның қысу немесе тарту күші, тарту ұзақтығы, шапшаңдығы пайдаланылады. Сонымен палуандар әсер етуші күш мыналар ескеріледі:

- салмақ күші;

- бұлшық еттің тарту күші;

- дененің инертті (қозғалыссыз тұрған кездегі) қарсылығы;

Осы күштер әсер еткенде палуан денесі әртүрлі жағдайға түседі, оның жеке бөліктерін рычаг ретінде қарастыру ынғайлы.

Самбо күресінің айла-тәсілі – дегеніміз жеңіске жетуге бағытталған белгілі бір әрекеттер жүйесі[10].

Самбо күресі де кез келген спорт түрі секілді ептілікті, жауапкершілікті, шыдамдылықты, шапшаңдылықты талап етеді. Осының барлығын бойына толық жинаған спортшы ғана шаршы алаңда жеңіске үміттенеді.

Кенестер Одағындағы самбо тарихын атап өткен уақытта өз еліміздегі самбоның тарихы туралы сөз қозғамасақ әділетсіздік болады. Енді Қазақстандағы самбо тарихына көз жүгіртіп өтейік.

Қазақ елінде самбо 1950-1960 жылдардан бастап өріс алып, кең тарала бастады. Бұл саланың қанатын кең жаюына ең алдымен «Динамо» спорт қоғамы ұйтқы болды. Мәскеуге арқа сүйеген Ішкі істер министрліктері «орыс күресін» барынша насихаттап, барынша күшейтуге күш салды.

1960 жылдары самбоға ден қойған қазақ жастары өте көп болады. Республика құрамасының тізгінін ұстаған көптеген жаттықтырушылар сол кезде «қазақтардан әлемдік деңгейдегі самбошылар шықпайды» деп ашықтан айық айтып жүрді. Ата-бабадан жұғысты өр рухты, астамшынған империя бір жола тұншықтыра алған жоқ. 1977 жылы Алмас Мұсабеков жарқыратып таққан КСРО-ның күміс жүлдесі империяның самбодағы бұғауын үзді. Әрі қарай біздің жігіттерді шідерлеп ұстау мүмкін болмай қалды.

Қазақ елінен Самбо бойынша шыққан тұңғыш әлем чемпионы атағы жерлесіміз жаңаарқалық палуан Қанат Байшолақов еншісіне тиді. \1984ж\.

Қанаттан кейін дүние жүзінің чемпионы атағына оралдық Асқар Шайхиев (48кг) қол жеткізді. \1989ж\.

Семейлік палуан Бауыржан Садықанов 52 кг салмақта топ жарып әлем чемпионы атанды. \1993ж\.

Самбо күресі бойынша Еуропаның бірінші чемпионаты 1972 жылы ұйымдастырылды.

Қазақтан шыққан тұңғыш еуропа чемпионы алматылық Айтжан Шаңғараев (48кг) еншісіне бұйырыпты.

Айтжанға дейін Қанат Байшолақов \48кг\ пен Алмас Мұсабеков \52кг\ салмақтарда Еуропа чемпионатының (1982ж) күміс жүлделерін жеңіп алған болатын.

Жамбылдық Алмас Мұсабеков 1986 жылы Еуропа чемпионы атанса, Қанат Байшолақов 1987 жылы бұл биікті бағындырды. Осы жолы Қанаттың туған інісі Талғат Байшолақов Еуропа чемпионаттының күміс жүлдегері атанды.

Айтжан Шыңғараев \48 кг\ пен Алмас Мұсабеков \52 кг\ КСРО чемпиондары атанған тұңғыш қазақ самбошылары.

КСРО чемпионы атағына Талғат Байшолақов, Асқар Шайхиев, Әлісұлтан Волобуев секілді ағаларымыз қол жеткізгендерін айта кету керек.

Сәлкен Жартыбаев-КСРО халықтары спартакиадасында алтын медальға ие болған жалғыз қазақ самбошысы. \1986ж\

Алмас Мұсабеков, Айтжан Шаңғараев, Талғат Байшолақовтар КСРО құрамасы сапында Әлем кубогі үшін бәсекеде жеңіске жетті.

КСРО кубогін ең бірінші болып Айтжан Шыңғараев \1983ж\ қанжығаға байлағаны да – самбо күресі тарихында құнды дерек.

КСРО тұсында самбо күресі Қазақстанның 17 облыста кең қанат жайды.

Қорытындылай келе айтарымыз, самбо– бірнеше спорт түрлерінің шындалып, ұшталып жинақталған, бар амалдарды бойына алған түрі. Мақаламыздың басында айта кеткеніміздей самбоньң тарихы сонау көне замандардан басталады. Сол уақыттарда дәл осы самбо атауы берілмегенмен де әр халық оны өзінше атап, дамытуға тырысқан. Онда қолданылатын әдіс, айла, тәсіл барлығы уақыт елегінен өткен дүниелер. Самбо бір күнде дүниеге келіп, бір күнде дамыған спорт емес. Сол себепті қарастыратын мәселелер әлі де жеткілікті. Біз осы мақаламызда самбоньң тарихынан сыр шертетін біраз деректерді алға тарттық. Бірақ осымен шектеліп қалмай ары қарай да осы тақырыпты зерделеу ойымызда бар. Самбоньң бар тарихын жазуға бір мақала емес, тіпті бір кітаптың өзі аздық ететіні мәлім. Мақаланың қорытындысында айтарымыз, тарихы көнеден басталған самбо күресі бүгінде спорт тарихынан өз орынан ала білген. Соны ары қарай дамытып, аға буынның еңбегін, үмітін ақтап, келешекке табыстау біздің қолымызда.

#### Қолданылған әдебиеттер:

- 1 Л.Кун. Всеобщая история физической культуры и спорта. -М.: Радуга, 1982.-640с.
- 2 Ж. Бөжиг. Самбо және Қол сайысты үйрету негізі.-Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007.- 160 б.
- 3 М.Н. Шепетюк. В.Л. Якуба. Сумо. -Алматы. КазГАСТ,1999.-268 с.
- 4 Ж. Бөжигұлы. Қазақша және Жу – до күресін үйрету негіздері. –Қарағанды: Арко, 2004. -73 б.
- 5 А. Е. Тарас. (под. общ. ред.) Боевые и спортивные единоборства. Справочник. Минск. Харвест – 2002 г.
- 6 С. Иванов–Катанский. Джиу–джитсу базовая техника борьбы в одежде. -М.: Гранд, 2002. - 480с.
- 7 А.А. Харлампиев. Борьба Самбо. -М.: ФИС, 1957. -560с.

- 8 Ю.А. Шулика. По системе СПЕЦНАЗА. Боевое самбо и прикладные единоборства. -Ростов – на Дону: «Феникс», 2004. – 450 с.
- 9 Қ. Рысбекұлы. Қазақ балуандары.Тарихи-деректі басылым. –Алматы: Ер-Дәулет, 1996. - 460 б.
- 10 Е. Алимханов. Самбо күресін үйрету негіздері. -Алматы: ҚазМСТА. 1999 ж

**Талғат Л.А.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультет, Дф – 31 тобының студенті  
(*Ғылыми жетекші – п.ғ.м., аға оқытушы Ашимханова Г.С.*)

## **МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім берудің мазмұны жанарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда.

Ел президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1].

Қазіргі уақытта білімнің мазмұнын, технологияларын, нысандарын және түзету-дамыту әдістерін онтайландыру жолдарын қарқынды іздестірулері болып жатыр. Тұтас білім беру жүйесін құрылымдандыру және білім беру буындарының әрекетін нысаналы үйлестіру – бұнын бәрі және бұдан да басқа стратегияны және Қазақстандағы арнайы білім беру жүйесінің тактикасын қайтадан қарастыру талап етеді. Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе - тұлғаны нәтижеге бағыттай түзете- дамыта оқытуда қажетті технологияны таңдау .

Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық- технологиялық құралдардың жиынтығы болып табылады.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс- әрекетті өзгерту), білім ді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс –әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

Ақпараттық технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады[2].

Түзете-дамыту жұмысында АКТ-ны қолдануды жоспарлаудың негізгі талаптары:

- \* Психологиялық ахуал туғызу, дамуындағы кемшіліктің ескеру;
- \* Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту;
- \* АКТ-мен жұмыс істей білуге үйрету;
- \* АКТ-мен орындалатын жұмыстардың қызықты болуы;
- \* Топ оқушыларының білім деңгейі мен танымдық қабілеттері ескерілуі қажет;
- \* Тапсырмаларды орындауда оқушыға таныс емес сөздер мен сөз тіркестерін болдырмау;
- \* Оқушылар өзінің үйренгенін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы пікір алысуға мүмкіндік жасау.

АКТ-ның мақсаты:

- \* оқушының танымдық белсенділігін арттыру;
- \* алған білімдерін талдап, өмірде пайдалануға үйрету;
- \* шығармашылық белсенділігін арттыру;